

Железинка ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына 2013 жылға әлеуметтік көмек тағайындау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы N 67-5/9 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 09 қаңтарда N 3323 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 21.01.2015 № 1-35-15/19 х а т ы) .

Ескерту. Тақырыбына өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 18.04.2013 N 107-5/14 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"салық төлеушінің тіркеу нөмірі," деген сөздер алынып тасталды - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 18.04.2013 N 107-5/14 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н ;

"Қазпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімінің немесе екінші деңгейлі банктердің" деген сөздер "екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы" деген сөздермен ауыстырылды - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 18.04.2013 N 107-5/14 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі N 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және

төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Железинка аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ;**

1. Әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының азаматтарына, Железинка ауданында тұрақты тұратын оралмандарға беріледі (бұдан әрі – азаматтар):

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;

2) кепілдіктері мен жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғалар, атап айтқанда:

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, а т а п а й т қ а н д а :

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республика Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республика Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республика Одағы аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға тікелей қатысқан адамдар;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген

адамдардың басқа да санаттары, атап айтқанда;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдар;

1988 - 1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда.

5) зейнет жасына жеткен тұлғалар, соның ішінде: жалғыз басты және жалғыз тұратын қарт адамдар;

6) мүгедектер, атап айтқанда: 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар; 1 топтағы мүгедектер;

7) кәмелетке толмаған төрт және одан да көп балалы аз қамтамасыз етілген аналар;

8) аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және жетім балалар, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер;

9) аз қамтамасыз етілген азаматтар, атап айтқанда:

"Железин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде есепте тұрған азаматтар (бұдан әрі – уәкілетті орган);

бас бостандығынан айыру орнынан босатылған тұлғалар;

қиын өмірлік жағдайға түскен азаматтар, атап айтқанда созылмалы (1 айдан а с а) а у р у ;
аз қамтамасыз етілген отбасылардағы 12 аптаға дейінгі жүктілікпен есепке т ұ р ғ а н ж ү к т і ә й е л д е р ;
10) әлеуметтік маңызы бар науқас азаматтар:
онкологиялық аурулармен зардап шегуші тұлғалар;
туберкулез ауруынан зардап шегуші тұлғалар;
адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шеккен т ұ л ғ а л а р .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 18.04.2013 N 107-5/14 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Қиын өмірлік жағдай туындауы кезіндегі әлеуметтік көмек мөлшерін, жағдайдың шешілуінің қиындығы мен туындаған жағдайдан шығуға қажетті шығындарға байланысты комиссия анықтайды. Комиссия мөлшерді анықтау кезінде отбасының (азаматтың) материалдық-тұрмыстық жағдайы туралы актіні және отбасының (азаматтың) құрамын және кірісін, жұмсалған шығынын не қаражаттың қажеттілігін растайтын құжат болуын ескереді.

3. Уәкілетті орган көрсетілген белгілі және мерекелі күндері келесі мөлшерде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетеді:

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай:

1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін 75000 (жетпіс бес мың) теңге мөлшерінде – "Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлемі жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облыстық филиалының Железин филиалының Железин аудандық бөлімінің (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) тізімі негізінде;

1-тармақтың 2) тармақшаның бірінші абзацында, 3) тармақшаның бірінші абзацында, 4) тармақшаның екінші, үшінші абзацтарында көрсетілген санаттар үшін 3000 (үш мың) теңге мөлшерінде – уәкілетті ұйым тізімінің негізінде;

8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы алушыларының ішінен 1-тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін 4000 (төрт мың) теңге мөлшерінде – уәкілетті орган тізімінің негізінде;

Қарт адам күніне орай:

1-тармақтың 5) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 2000 (екі мың) теңге мөлшерінде – уәкілетті орган тізімінің негізінде;

мүгедектер күніне орай:

1-тармақтың 6) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 4000 (төрт мың) теңге мөлшерінде – уәкілетті орган тізімінің негізінде;

Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне орай:

1-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацында (Ауғанстандағы ұрыс-қимылдарға қатысушылар ғана), 1-тармақтың 4) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 6000 (алты мың) теңге мөлшерінде – уәкілетті орган тізімінің негізінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апат күніне орай:

1-тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында, 1-тармақтың 4) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 6000 (алты мың) теңге мөлшерінде – уәкілетті орган тізімінің негізінде.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 18.04.2013 N 107-5/14 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Кірісін ескермеусіз біржолғы әлеуметтік көмек мыналарға ұсынылады:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін жазушылардың таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде мәрзімді баспа басылымдарына жазылуға әлеуметтік көмек 5100 (бес мың жүз) теңгеден аспайды - өтініш негізінде.

2) 1-тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін (облыстық бюджет қаражатынан санаторлы-курорттық емді алуға құқығы бар азаматтарды қоспағанда) санаторлы-курорттық емделуді алуға әлеуметтік көмек 70000 (жетпіс мың) теңгеге дейінгі мөлшерде – жеке сәйкестендіру нөмірі, "Қазпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініштің негізінде, сауықтыру қажеттілігі туралы медициналық қорытындыны, санаторлы-курорттық картаның көшірмелері, жеке куәлігі, азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекенжай-анықтама бюросының анықтамасы;

3) 1-тармақтың 9) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысы Ішкі істер департаменті Железин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесімен ұсынылған тізім негізінде;

4) 1-тармақтың 10) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы жеке есепшот нөмірі көрсетілген өтініш, жеке сәйкестендіру нөмірі, науқастықты дәлелдейтін анықтамалар, жеке куәлік көшірмелері, азаматтардың тіркеу кітабы және мекен-жай анықтама бюросының анықтамасы негізінде;

5) 1-тармақтың 10) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 7 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – шаруашылық жүргізу құқығындағы "Железин орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ұсынылған тізім негізінде.

5. Кірісті ескере отырып біржолғы әлеуметтік көмек мыналарға ұсынылады:

1) 1-тармақтың 9) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген әрбір жанның кірісі облыс бойынша белгіленген мөлшерден аспайтын санаттар үшін 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде жеке сәйкестендіру нөмірі, екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы жеке есепшот нөмірі көрсетілген өтініш, медициналық мекеме анықтамасы, жеке куәлік көшірмелері, азаматтарды тіркеу кітабы және мекен-жай анықтама бюросының анықтамасы, барлық отбасы мүшелерінің кіріс туралы анықтамалар негізінде;

2) 1-тармақтың 9-тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін әрбір жанның кірісі облыс бойынша белгіленген мөлшерден аспайтын жеке шаруашылықты дамыту және өзін-өзі жұмыспен қамту үшін материалдық көмек 100000 (жүз мың теңге), жем шөп алу үшін 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде (ауылшарушылық жануарларын алу фактісі бойынша) – екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы жеке есепшот нөмірі көрсетілген өтініш, жеке куәлік, жеке сәйкестендіру нөмірі, көшірмелері, селолық округ әкімінен берілген азаматтарды тіркеу кітабы, өтініш берушінің өмір сүруінің материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, селолық округ әкімінің өтініші, уәкілетті органдармен берілген жұмыссыздықты дәлелдейтін анықтамалар, селолық округ әкімімен, уәкілетті органның бастығымен және материалдық көмек алушымен қол қойылған мал, жем-шөп, алуға және өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытуға үш жақты келісім.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 18.04.2013 N 107-5/14 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Кірісін ескермеусіз тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек мыналарға ұсыналады:

1) тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді өтеуге (тұрғын үй көмегін алушыларды қоспағанда):

1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін 7,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде–уәкілетті ұйыммен ұсынылған тізімнің негізінде;

1-тармағының 4) тармақшасының бірінші, екінші, төртінші абзацтарында, 3) тармақшасының бірінші абзацында, 2) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 3, 6 айлық есептік көрсеткіш

көлемінде-уәкілетті орган тізімінің негізінде;

1-тармақтың 5) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – уәкілетті ұйыммен ұсынылған тізімнің негізінде;

2) 1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін автокөлікпен облыс орталығына дейін және тұрғылықты орнына жеткенге дейінгі жолақысының нақты құны мөлшерінде төлеу;

3) 1-тармақтың 6) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін Қазақстан Республикасының аумағы ішінде емделу үшін және қаралу үшін бірге жүрушілердің автокөлік (таксиден басқа), темір жол көлігімен, екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы жеке есепшот нөмірі көрсетілген өтініш, жеке куәлік, жеке сәйкестендіру нөмірі, азаматтарды тіркеу кітабы, медициналық анықтама, медициналық мекеменің жолдамасы, тұрғаны үшін және барып келгенге дейінгі шығынды растайтын түбіртектер негізінде 40 айлық есептік көрсеткіш көлемінен аспауы тиіс.

7. Кірісін ескермеусіз ай сайынғы көмек:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттарға дәрі алу үшін әлеуметтік көмек 1 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – уәкілетті ұйымның берген тізімі негізінде;

2) 1-тармақтың 10) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санаттарға амбулаториялық емделуге дейінгі тамақтану үшін 6 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – шаруашылық жүргізу құқығындағы "Железин орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен берілген тізім негізінде;

3) 1-тармақтың 10) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санаттар үшін амбулаториялық емделу үшін медициналық мекемеге жеткенге дейін жол ақысын төлеуге 1 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – "Железин туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесімен берілген тізім негізінде;

4) 1-тармақтың 6) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін Қазақстан Республикасының аумағы ішінде емделу үшін және қаралу үшін бірге жүрушілердің (санаториялық-курорттық емделуді қосқанда) автокөлік (таксиден басқа), темір жол көлігімен, екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы жеке есепшот нөмірі көрсетілген өтініш, жеке куәлік, жеке сәйкестендіру нөмірі, азаматтардың тіркелу кітабы, медициналық анықтама, медициналық мекеменің жолдамасы, тұрғаны үшін және барып келгенге дейінгі шығынды растайтын түбіртегі негізінде 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде аспауы тиіс.

5) 1-тармақтың 9) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттар

үшін оқу кезеңіне 10000 (он мың) теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек – жеке сәйкестендіру нөмірі, екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы жеке есепшот нөмірі көрсетілген өтініш, жеке куәлік, азаматтардың тіркелу кітабы немесе мекен-жай анықтама бюросынан анықтаманың көшірмелері негізінде.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 18.04.2013 N 107-5/14 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Кірісін ескере отырып ай сайынғы көмек:

1) 1-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін жан басына шаққандағы кірісі облыс бойынша белгіленген күн көріс мөлшерінен аспайтын (тиісті жылдың 2 тоқсаны) аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы балалардың ішінен, жетім-балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (мемлекеттік білім беру грантына үміткер болуға конкурстан өтпегендер) жоғарғы оқу орындарында , "Қазпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі, көрсетілген өтініштің негізінде, жеке куәлігінің, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмелері немесе мекенжай-анықтама бюросының анықтамасы, Железин ауданы әкімінің, жоғары оқу орнының және студенттің қолы қойылған білім беру қызметтерін көрсетуге үш жақты келісімшарт. Сонымен қатар жоғары оқу орнында оқу кезеңіне тұру, тамақтану және тұрғылықты жеріне жол жүру үшін әлеуметтік көмек 15235 (он бес мың екі жүз отыз бес) теңге мөлшерде беріледі.

2) 1-тармақтың 9) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санаттар үшін жан басына шаққандағы орташа табысы облыспен белгіленген күнкөрістің ең төменгі деңгейінен аспайты 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардағы жеке есепшот нөмірі көрсетілген өтініш, жеке куәлік, жеке сәйкестендіру нөмірі, мекен-жай анықтама бюросынан анықтама, барлық отбасы мүшелерінің табысы жөнінде анықтама негізінде .

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік тұрақты комиссиясына жүктелсін .

10. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

--	--

<i>Железинка аудандық мәслихаты</i>	<i>Ж.</i>	<i>Балтабаев</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>		
<i>Железинка аудандық</i>	<i>В. Крутиков</i>	
<i>Мәслихатының хатшысы</i>		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК